

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – аппарат басшысының 2024 жылғы 10 қазандағы № 1-9/43 өкімі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты туралы Ереженің 6-тармағы мен 20-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 1-тармағының 16-2) тармақшасымен және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 3-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және оның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі аппаратының сот оқуы және біліктілік емтиханын ұйымдастыру бөлімі осы өкімді Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Аппараты басшысының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы –
аппарат басшысы

Д. Мұратбеков

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы
– аппарат басшысының
2024 жылғы 10 қазандағы
№ 1-9/43 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін айқындайды.

2-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібі

2. Академия "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 63-бабының 3-тармағында көзделген тиісті тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету туралы шарт жасасу жолымен ақылы негізде өткізеді.

3. Академияның ақылы қызмет түрлеріне мына тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтерді) өткізілуі жатады:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- 3) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- 4) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;
- 5) әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу: семинарлар, кеңестер, конференциялар, спорт жарыстары;
- 6) оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу мен өткізу;
- 7) ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 8) ғылыми мақалаларды Академияның ғылыми басылымдарында жариялау және баспа қызметін жүзеге асыру.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі Сот Кеңесінің хатшысы – аппарат басшысының 21.08.2025 № 10-10/75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) өкімімен.

4. Академия бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми интернет-ресурсында және Академия аумағында (үй-жай) арнайы көзделген орында өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тізбесін және олардың бағасы көрсетілген ақпаратты орналастырады.

5. Академия жеке және заңды тұлғаларға тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақылы қызмет

көрсету жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеуді есепке алу журналына тіркелетін жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырады.

6. Академияның және жеке немесе заңды тұлғалардың арасындағы ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі өзара қатынастар, соның ішінде ақы төлеу нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартпен реттеледі.

7. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу үшін төлемақы Академияның ақылы қызметтерінің бақылау есеп-шотына ақшалай қаражаттарды аудару арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.

3-тарау. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібі

8. Академияның тауарларға (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түскен қаражаты Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-тармағына сәйкес жұмсалады.

9. Тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түскен мынадай бағытта жұмсалады:

- 1) оқу және материалдық-техникалық базаны нығайтуға;
- 2) ақылы қызмет пен жұмыстарды өткізуге қатысқан профессорлық-оқытушы құрамның, мамандар мен қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу;
- 3) профессорлық-оқытушылық құрамның, мамандардың қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;
- 4) форумдар, семинарлар, конференциялар, оқыту тренингтері, дөңгелек үстелдер және имидждік іс-шаралар өткізуге арналған қызметтерге ақы төлеуге;
- 5) ғылыми-зерттеулер және басқа да іс-шаралар өткізу үшін қызметке арналған шығыс материалдарын, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға;
- 6) зерттеулер бойынша қызметтерге ақы төлеуге, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау, оның ішінде ғылыми еңбектерді, оқу құралдарын редакциялау;
- 7) оқыту, зерттеулер және онымен байланысты іс-шаралар үшін үй-жайларды, жабдықтарды және техниканы жалдауға;
- 8) конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кәдесыйлар, турнирлер, жарыстар аясында кофе-брейктер өткізуге, кәдесый өнімдерін сатып алуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іссапар шығыстарын өтеу нормалары шеңберінде ғылыми конференцияларға, семинарларға, көрмелерге және басқа да іс-шараларға қатысу бойынша зерттеу сипатындағы іссапарларға баруға;
- 10) аударма қызметтерін сатып алуға;
- 11) тауарларды сатып алуға арналған қосымша шаруашылық шығыстар (ағымдағы шаруашылық мақсаттарға арналған заттар мен материалдар, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу, отын, жанар-жағармай

материалдарын сатып алу), жұмыстар (ғимаратқа қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу) және қызметтер (коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, көлік қызметтері, ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу);

12) қызметкерлерге қосымша ақы, сыйақы беруге, әлеуметтік және материалдық көмек көрсетуге жұмсалады;

13) "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясын қызметтік автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік мекеменің аппаратын орналастыруға арналған алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – аппарат басшысының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №1-9/68 өкімімен бекітілген заттай нормаларына сәйкес көлік құралдарын сатып алу;

14) баспа және полиграфиялық өнімдерді дайындау мақсатында қызметтерді, шығыс материалдары мен жабдықтарды сатып алу

15) Академияның ғылыми еңбектері мен журналдарын басып шығаруына байланысты шығындар.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі Сот Кеңесінің хатшысы – аппарат басшысының 21.08.2025 № 10-10/75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) өкімімен.

10. Академия тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден ақшаның түсімін және шығыстарын есепке алу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

4-тарау. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша бойынша

11. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақша есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырындағы № 215 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде № 5702 болып тіркелген) Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышының иелігінде Академия тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардың түрлері бойынша өткізуден ақша түсімдерімен шығыстарының жоспарын жыл сайын жасайды.

12. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекітеді.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Академия ұсынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден жоспарларының негізінде тауарларды (

жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын жасайды.

Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекітеді және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган келіседі.

14. Академия тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының бекітілген жоспарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының бекітілген жоспарының қолданысы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

15. Қаржы жылы ішінде Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарында көзделген сомалардан артық кірістер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспары ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін нақтыланған жағдайда ағымдағы қаржы жылында жұмсалуды мүмкін.

16. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша есебінен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден өз иелігінде қалатын ақша есебінен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 96-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының
тауарларды (жұмыстарды,
көрсетілетін қызметтерді)
өткізу жөніндегі ақылы
қызмет түрлерін көрсету және
олардың тауарларды
(жұмыстарды, көрсетілетін
қызметтерді) өткізуден түскен
ақшаны жұмсау қағидаларына
қосымша
Нысан

Жеке және заңды тұлғалардың ақылы қызмет көрсету жөніндегі өтініштерін тіркеу журналы

		Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің	Ақылы түрде көрсетілетін		
--	--	--------------------------------------	--------------------------	--	--

Тіркеу №	Қабылдаған күні	аты (бар болған жағдайда) немесе оның уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша қызмет түрі	Қоса берілген құжаттардың саны мен атауы	Өтінішті қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК